



Әмір КӘРІПҰЛЫ

ЕРІЛЕР МЕН ПЕРІЛЕР



Әмір КӘРІПҰЛЫ



ЕРІЛЕР МЕН
ПЕРІЛЕР

повестер мен әңгімелер



Астана
2004

821.512.122-3

ББК 84 каз 7-4

К 25

Қазақстан Республикасы
Ақпарат министрлігінің
бағдарламасы бойынша шығарылды.

ЕРІПЕР МЕН
СЭЛІРІН

Денесімдің наң дағдарынан

Кәріпұлы Өмір

К 25 Серілер мен перілер: Повестер мен әңгімелер. – Астана:
Фолиант, 2004. – 384 б.

ISBN 9965-619-77-8

Өмір Кәріпұлының бұл жинағына соңғы кездері жазылған повес-
тері мен әңгімелері еніп отыр. Эр дәуірде өмір сүрген түрлі адам-
дардың тағдыры арқау болатын бұл шығармалардың сюжеттері
қызықты, баяндалуы ерекше.

Жалпы оқырман қауымға арналады.

К 472250201 04
00(05)-04

ББК 84 каз 7-4

ISBN 9965-619-77-8

© Кәріпұлы Ө., 2004
© «Фолиант» баспасы, 2004

Повестер



Саятии

- I -

Қарашілік – бүйірги қыстау. Таудың қысаң қолтырын қуалай есken шілікті тогай мейлінше қою. Бойшаң қыздың тоқ бұрымындаш шұбатыла созылып барып кілт үзіледі. Тал жиегіндегі тас қоралы екі үйдің біреуі Қадіш молланікі. Оған таяу Ысқақтар тұрады. Саятшының үй-қорасы биік шоқыға таман. Қорага тіркес үйдің терезелері құбылаға қараган. Түстікті мегзеген сыртқы қақпа үлкен. Қанатын жая ашылғанда түйелі шана емін-еркін кіріп шыға береді. Кіре берісте сол қол жақта шағын шошала, оған тұспа-тұс қоржын үйдің есігі. Қарағайдан қилюластырған оюлы есік шебер қолдан шыққандырын байқатып жеңіл ашылып, жеңіл жабылады. Қазақты тұрмысқа қолайлы қоржынның екі басы тәрізденген бөлменің біреуі – қонақжай, екіншісі – отағасының құттыханасы. Кіреберісте қазандық. Тоқсыра қалаған сары қидың қызызына бусанған шұнақ құлақ қара қазан тоқтық белгісін танытып қақпағынан бу атады. Терезелердің кесегі қиуолы, әйнектері жақындаған ұстасқан қабыршық мұздай мөпмөлдір. Сырттағы шуақ ішке емін-еркін төгіледі. Иргелес түкпір бөлменің есігі сыртта.

Бұған кіріп шығатындар сараң, тек Жамалекең ғана бас сұғады. Қыздырманың күлін алып, күніне бір мезгіл от жағу – дағдылы машиғы. Мұндағы жасау жұпныны, қыз жасауындаш әлемішті емес, салт жігіттің жатын орнындаш жинақы. Төрге түрі айшықты текемет, оюлы сырмақ жайылған. Ағаш төсекте көрпе, жастық жиуолы. Қанаты кен, дөңгелек үстелге шашақты жібек дастарқан жабылған. Бір қабырғаны инежіптен жаңа шыққан шым тұсқиңіз алып тұр. Тұс киізге жағалай ақынның әр кездегі киген киімдері ілінген. Бұрышта талдан иілген тербелмелі бесік. Сәкенін бөлеңен бесігін Жамал жабдығын шығармай қастерлеп ұстайды.

Қабырғаға шағындау тықыр кілем ілінген. Кілемнің қақортасына Сәкеннің қолдан салынған ұлжен портреті жапсырылған. Жамалекең мүнда кірген сайын баласының қияпты суретіне ұзақ, тесіліп іштегі сағынышын аздалтарқатқандай болады. «О, ботам сол, жарығым сол!»...

Ал бұл кездे саятшы түкпірдегі құсханада отырады. Сейфolla мен қырандар арасында көденең көзге түсініксіз «әңгіме» басталады. Кәнігі құсбегі бірінші кезекте назарын Қарашорға салады. Биікше кеспекке қонақтаған қияңқы қыран иесінің даусын шалысымен-ақ пыштақтайды. Өзегі талған ашқарақ бүркітінің ахуалын біле қалған саятшы жемаяқты құсының алдына тосады. Бөртпені апаш-құпаши қылғып аш өзегін жұбатқан соң қияңқы қыран сабасына түсіп жайланаады. Бірер саңғытып ішін босатып алады да, үрпіндікі желке жүнін жатқыза қос шалғылығын сергек қомдап, иесінің жағымды үніне саңлақтанған құлағын тосады. «Қарашор қапа болма, жарқыным. Бүгін күн жайсыз. Бұрқактау. Алаңсыз тыныға бер», – деп дағдылы әдетімен құсын қызулы жұмсақ алақанымен ұзақ сипады. Бабын таптыра қоймайтын кінәмшіл Қарашор еркелеткенді бек ұнатады. Сол әдетіне сиралғы иесі оны әр кез сылан сипаудан жалықпайды. Шалғылығы мен пышақтарының ара жігін аша тарамдап, әр қауырсының түбіне саусақ жүгіртеді. Аялы алақаның жылылығына сергіген саңлақ қыран томага түмшалаған тұмсығын иесінің ашыңқы омырауына үйкеп қылықты еркелей бастайды. Сонда сұңғыла құсбегі: «Болды, болды енді, жетер, сенен де зорғылар отыр рой әнен» – деп төзімді сары құсына жақындейды.

Сарыбалапан қорғасындағы салмақты, бір тоға тұнжыр кейпінен айнымайды. Шыдам-төзімнің қорытпасынан мүсінделгендей тұғырда тас түйін мығым отыр.

Сарыбалапан сыйбағасын асықпай шоқып бапиен қылғыды. Саятшының назары енді ителгіге түсті. Бұрышта ырғаққа қонақтаған қоңыр шұбар құс дүр-дүр сілкініп алды да, иесіне ұмсына қылғынып жем тіледі. Сейфекең сырттан қаудыр ұстай кірді. Қатып семген қаздың нобайын көргенде ителгі шыдай алмай ысылдап жіберді. Қаудырға шандыған жайпақ ыдыстағы қызылды тез-тез шоқып лезде тауысты.

Ителгі – төзімді, қолға ұсташаға көмпіс. Сол себепті де саятшы сұңқар тектес құстардың ішінде осы тұқымына бейіл.

Шабытты қаршығаға не жетісін, ескі аңыздарда қарғыс алған дейді бірақ. Содан да уайымшыл келеді шетінен. Көбінесе қолға ұстaugа көндікпей өліп қала береді. Әйтпесе шақарлығында, қайтпас қайсар қанды балақтығында қапы жоқ-ау. Зар күйіне келгенде шамасына қарамай қоянға түседі. Сейфекең сан қанды көзді өткерді қолынан, қызығын да, шыжығын да көрді, бірақ бабын талтыра қоймайды. Сонысы ушін ғой, әйтпесе сұы қайтпас кездіктей лыпыған шап етпе шабытты қаршығаның жөні бөлек-ау шіркін!

Ителгі – нағыз қолбала. Қысы жазы шабытынан бір танбай, шеңгелін қандауға көп бап тілемейді. Әрі балаларға ермек. Балалар дегеннен шығады, құс салуға екінің бірі төзбейді. Айрықша ыжданаттылықты, жалықпайтын еңбекқорлықты, көмпістікті қажет ететін құсбегілік атадан балаға мирас бол, жібі үзілмей келе жатқанымен, нағыз. Сарабдал саятшылық ілүде біреуге қонады. Құргақ әуестік, әсіре желік пен қомағай пайдакунемдік құс иесіне абырай әпермейді.

Сейфолла әкесін білмейді. Қызу қанды от жүректі сері Оспан жиырмадан аса бере терекше опырылған. Төтеннен киліккен ажал ай-шайға қаратпай о дүниеге ала жөнелген. Әкесі өлгенде бұл үш-ақ жаста-тын. Шешесі еміс-еміс есінде қалыпты. Боталап жылай беретін. Сірә, сол көл боп аққан кез жасына тұншығып өлсе керек. Абысын-ажынның күңкілінен үққаны – марқұм анасы әменгерліктің қысымына шыдамаған. Артына қос жетімі Сейфолла мен Шәрбаның қалдырып, қүйеуінің соңынан ала-сала ол да кеткен. Шырылдаған қос балапанды қанатының астына алған әкесінің туған ағасы Мақажан болатын. Ол мыңды айдаған бай, аузына дүйім жүрттЫ қаратқан тілмар еді. Інісен қалған жалғызды тұмсықтыға шоқыттырмай, қанаттыға қақтырмай еркін өсірді. Десе де шер кекірек Сейфолла қағажуды көп көрді. Тайқұлындағай тебіскең құрбыларымен шекісіп қалғанда, көзі боталап жасқа толып кететін. Сонда ол мұңшыл жүрегінің дүрсіліне құлағын тосып, өзімен өзі сырласар еді. Қияльын қаузап тауысқан соң, тау-тасты кезіп кететін. Оңашалық оны табиғат бесігінде тербегендей әсерге бөлеп, көніл хошын арттырады. Ордың ит азу ақыр-шақыр шынына көзін сулап алған соң, Абаның қожыр тасты қожалақ кейпіне назарын жүгіртеді. Бала көніл осы арада екіге жарылады. Тау екеш тауларда бірдейлік жоқ. Қоржынның екі басындағай егіз тау

бір-біріне мұлде үқсамайды. Өзендер де әр қылы, ордың сай-
саласышан бастау алатын Жаманның тасығаны арсы-гұрсі.
Екпінімен өгіз ағызардай арындал-арындал алады да, жаз
ортасына қарай жуасиды. Есен өзенінің мінезі бір қылы, баюу
ағады да жатады. Қамсақты әйдіңгір қара суларында қаз,
үйрекі жетерлік Құстың көптігі соншалық – әуелеп үшқанда
күн көзін көлегейлеп көрсетпей тастайды. Нұра да өзгеше
мінезді. Кең көсілген арнасын жиектей жайыла қонған ауыл-
дардың салтанаты өзгеше. Күнде той, күнде думан. Тай жа-
рыс, құнан жарыс, тақым тартыс. Кекпар боса-болмаса. Одан
қалды, ителгі мен қаршығаға құс ілдіреді көнігі саятшылар.
Кешкі жеді бетке алған мындаған түяқтың соңынан ілесіп
жылқы күзетіне шыққан бозбалалар ауылда қалып бара жат-
қан бой жеткендерге наз тастап:

– Жеткенде жылқым жүзге қуанамын,

Еңкейіп шыны аяқпен су аламын.

Түскенде сен есіме сүйген қалқам,

Қолында аласы жоқ дуанамын, – деп ат үстінде теңселе
ырғалып, «Жылқышының қоңыр өніне» басады. Осы көрі-
ністі үй сыртында бағып тұрган бала Сейфолла қолдаулап
қалған тайына жүгіреді.

– Эй, Сейпеш, қайда барасың?

– Жылқы күзетіне.

– Саған әлі ертерек күзетке шығу.

Меселі түскен бала бұртиып үйге кірмей қояды. Мақа-
жанның бәйбішесі Құндыз аңғарыш аналық пейілмен: – Эй,
қайсысың Сейпешке ұрысқан? – деп балаларын тықсыра-
ды.

– Жылқы күзетіне жібермейсің дейді, – жігіт ағасы Би-
табар ақтала бастайды. – Балаңыз ұрыншашқ, құс салғандар-
мен ілесіп, қолын қаршығаға шоқыттырып әлі жүр жазыл-
май. Қайда той болса содан табылады, балаға не керек той!

– Қой, әрмен! – деп шешесі Битабарды сөйлестпей тас-
тайды. – Менің құлымын бозбала емес пе. Бозбаланың алаң-
құлаңы жақсы. Түбі осы сары тентектен бірдене шығады.
Органшыға, әкесіне тартқан. Үйт бар өзінде. Қақпандар беті-
нен!

Бала Сейфолла шеше қамқорлығына кәдімгідей-ақ мар-
қаяды. Мақажан көкесіне шағынбай-ақ қойсын. Мұны жы-
лқы күзетіне жібермей қалған Битабар ағасын апасы біраз

сілкілеген жоқ па? Құндыз бәйбіше оны айналып толғанып бәйек болады. Қабындаған қоймаган өкпесі апасының жұп-жұмсақ алақанының табына шыдамай еріп кетеді. Өтірік үйиқтаған боп жатады да, ымырт жабылысымен ауылдың сыртындағы қыз ойнаққа барады. Алтыбақанды қоршаған қызы-бозбала таң атқанша сауық құрады. Қашан үйқы жеңгеше жүргені сол маңда. Жай жүрмейді, ән үйренеді өнер-паз жастардан. Келесі күнгі ермегі Битабар ағасының құсахасынан басталады. Ас үйге іргелес тігілген қоңырқай үй сырт көзге елеусіз көрінгенімен іші базарлы. Құстың әр түрі бар онда. Көзі шоқша жайнаған қос қаршыға мұны көргенде шабыттана қылғынады. Бір бұрышта уытын қарашибынан байқатып қоңыр жағал ителгі қомданады. Ауық-ауық сілкініп қойып құс патшасы бүркіт отырады томарт тұғырда.

— Ата, неге сілкіне береді? — деп ол құсбегі қартты сөзге тартады.

— Түлейтін дер шағы. Бой жүнін тастағанша өстеді, — деп қарт құсбегі сақалын тарамдайды.

Осы кезде ішке Битабар ағасы кірген. Қияпatty сұлу жүзді құсбегіге жете амандастып, хал-жағдайын сұрап жатыр. Тәрізі ауыл ағасы қаршығаға құс ілдірмек сыңайда. Мырзаның қыр-пын андаған құсбегі: — Бүгін күн жайсыз. Құс жедеп кетуі кәдік, — деп Битабардың алдын орады.

Мырза қартты қоштады да, төсектің шетіне жайғасты. Екеуі бір-бірінен шақша ауысты.

— Көңілің хош екен, мырзам, — деп шүнірек көз ақсүр шал шырт түкірінді. — Насыбайды өзің үгемісің, жоқ...

— Эрине ғой, — деп Битабар ақ сарғыш өңіне жарасқан жебелі мұртын ширагатты. — Әкей қатал адам. Балаларын жас күнінен қаракет етуге баулып, бәрімізді мұлде көнтабан қылышпі тастаған. Атқосшы ертпеймін өлі күнге. Атымды өзім ертеп мінем. Қысы-жазы жылқының соңына салып қоятын. Кейін құтылдым.

— Балапандарын баулыған қыран тәрізді екен-ау, Мақаң, — деп шал мағұрлана теткіді. — Мен бейбақ жетім өстім, жетімдіктен өткен қорлық жоқ, көрдік қой сан қоқайды.

Сейфolla біраз құстарды қызықтаған соң әңгімеге құлақ тосты. Бала ұғымына ауыр хиқаят сиыр құйымшықтана келіп саятшылыққа кеп тірелген. Божан жігіт күнінде хан Кененің жылқысын баққан ғой. Жылқы күзетінде жүргенде қырғыз-

дар мұны соққыға жығып, жылқымен қоса байлаң өкетеді. Содан Божекең қыргыздың беделді мырзасының қарамағына ілігеді де, төрт-бес жыл жат өлкеде саяқ жүреді. Жай жүрмей, бауырлас халықтың күн көрісі қәсібі құсбегіліктің қыр-сырына қанығады.

— Мені иемденген мырза атақты құсбегінің немересі екен. Қыранның небір алғыры Қырғыз Алатауын мекендейтін көрінеді рой. Мырза маған құсханасын құзеттірді. Сеніміне кіріп алған соң салбуырынға шығып, бірге аң ауастым шоң мырзамен. Қырғыздар бүркіт десе тіке үстіне түседі.

— Кәп қой шетінен! Дебеге орап жұмыртқаны қолтығына ұстап, балапан шығаратынын қайтерсің.

— Ата, дебе деген не нәрсе? — деп бала Сейфолла көлдеңеңнен қояды сұрақты.

— Мақта рой, мақта. Қыран балтауга келгенде шоң ағайындардан оза алмаймыз. Солардан алған тәлім рой менікі, — деп Божан көрия күміс сақалын салалы саусақтарымен та-рамдай түседі. — Қарап отырғанша әңгіме болсын, бір жолы Бошантай мырзамен ілесіп іргелес ауылға бардым. Менің мырзам тұғырдағы бүркітті көріп жіберіп: — Қырандығында қапы жоқ, мырза, көңіліңе келмесін, бұл деген нағыз ақшегірдің тұқымы. Уайымшыл келеді шетінен. Балақ бауын сыйырып жібере сал, — демесі бар ма! Үй иесі жатып кепшамырқансын. «Таутекеге түсетін бүркітке азаттық бердегенің көре алмағаның ба?!»

— Мейлі, өзің біл, ақ бүркіттің тілеуі жаман деуші еді үлкендер, — деп Бошантай мырза мойнын ішіне алып құнысып қалды. Сол жылдың күзінде әлгі ауылға шешек араласып, ақ бүркіт иесіз байлауда қалды.

— «Бүркітің байлауда қалсын» деген қарғыстың ең жама-ны екені-ау, — деп Битабар басын шайқады.

— Мырза, сенің құсының тілеуі дұрыс, қараши өне, тоқтыққа басып сылануын. Адамның да, құстың да кербезі жақсы. Кербездік тектілік белгісі, — деп Божан құсбегі жас жігіттің көңілін орнықтыра түсті. — Ертең алла қаласа, қос қарышғаның өнерін тамашалаймыз. Кісі қара аздау болсын. Бала-лар хабарланбасын. Қара-құрадан құс үріккіш келеді. Жел-деп кетіп жүрер.

— Құп, Божеке. Сейпешті ертеміз рой, — деп Битабар іні-сінің арқасынан қақты.

- Оған сөз бар ма, — деп қарт Сейпешке назарын тіктеді,
- Түбінде осыдан бірдене шығады, көзінде от бар.
- Алысқа ұзамаймыз ба? — деп өтілді Битабар.
- Ауыл арасы жетеді, қамсақты қарасуларды сүземіз, — деп Божекең етегін қағынды.

Ертеңгі қарбалас алакеуімнен басталған. Мал өрмеген, жылқы сура құламаған таңғы тыншу — нағыз алаңсыз кез. Сейпеш тайға жарбиып мініп алды. Көңілінде шалқыма мақтаныш бар. Өзге балалар бұл қызықтан маҳрум, сүтке тойған күшікше пыс-пыс үйқыда.

Құс салушылар ауыл сыртындағы әйдінгер қарасуға бет алды. Дүр көтерілген қаз, үйректің қанат сұлы таңғы тымық ауаны дар-дар айырып жіберердей құлаққа қатты соқты. Сейткенше құстарға қаршыға араласты. Лақтырған тастай құдиган бәкене жыртқыш ат басындаі қазды теуіп түсіргенде, бала Сейфоллада ес қалмады. Тайын борбайлап солай қарай ұра кеп жөнелді. Бұлар кеп жеткенше көк қаршыға ата қаздың дақ-далын шығарып, жылы-жұмсағына тұмсығын қандап үлгерді.

Сол күні қос қаршыға алма кезек құс іліп, олар қаз бен үйрекке қоржындарын сықап қайтты. Мол олжа араларындағы ең жасы Сейпешке тиесілі-тін. Құндыз бәйбіше балаларының тоқым қағарын жасап ауыл-аймаққа құс етінен дәм татырды. Салырылған сары қымызға қанып, сүр аралас ет жеген үлкен-кіші қолы ашиқ бәйбішенің от басына жақсы тілек арнап тарақсан.

Одан бері де талай таң атып, талай рет күн шықты. Сан мәрте ай жаңарып, ондаған мезгіл ауысты. Елгезек тіл алғыш Сейпеш тез құнап шынығып ширай түскен. Көңілге мұң үйірген жетімдік Сейфолланы сезімталдыққа бейімдеп, алғыр да, сергек боп өсуіне ықпал етті. Бірақ жетім көкіректе қайтсе де сыз қалады еken. Жүректі қармаған сыз оңайлықпен шықсын ба, бұзатардан тепкі көрмесе де, шеккі көргенде үйретілген тай құсап жүні жығылып жуасып қалады.

Сонда ол өзі қолдан жонған домбырамен мұңдасар еді. Сауатсыздың шертіс келе-келе есілген ерке дыбысқа ұласып, жас домбырашы майда тартысқа бой үрады. Сайдалы Сары — Тоқаның «Наз — қосбасарын» өрбітеді. Кыздарбектің «Сылқым қызын» да тәп-тәүір шертеді. Той-томалақта қоңырлатып өн созады. Көзі отты, тұлғасы келісті өнерлі сері жігіт

қызды ауылды төңіркетеп, бозбалашылықты да бір кісідей атқарды. Қалың беріп қыз айттыру ғұрпы Сейфолманың да алдынан шығып еді. Пешенесіне Алсай Тшембайдың Жамалы бүйірған. Сұнғақ бойлы шыбықтай бұралған ол қара тоғының әдемісі. Сүмбіл шашы балтырын соғып, саздауға біткен қайыңдай солқылдаған бұла қалыңдықтың тал бойында бір міні жоқ. Қүрек тістері қасқырып құлгенде, үялы қөзінен нұр шашырайды. Жымысы қандай бәрінен де. Орнықты, байыпты Жамал ибалы үяндықты саналы естілікке жеңдіріп, жас отауға ырыс боп еніп құт болып шалқып еді. Ерлі-зайыптылардың жарасымды татулығы күні бүгінге шейін бәсендемей келеді. Қызу қанды өмір сүйгіш саятшы құдай қосқан қосағына салғаннан-ақ кішілік танытқан-ды. «Сені «сіз» дегенім келіспес, жасың үлкен Жамалеке десем қайтеді», — деген той-томалақтары өтіп, кісі аяғы басылған қарсанда. «Құрбы-құрдастарың мазақтап жүрер», — деп Жамал наздана жымиганда: — Онда тұрган не бар? — деп Сейфолла естияр аңғар танытқан. — Эке-шешеден тым жас қалдым. Ағайын-туыс мені бетімнен қақпай еркелетті. Еркелік кейде, жас адамды тентектікке ұрындырады. Аусарлығымды ауыздақтап, артық ауыс кеткенде тігісін жатқызатын сенсің». «Жарайды, — деп Жамал ақыл-парасатқа суарылғандай қияппатты еріне сүйсіне қараған, — Керісінше өзің маған тым естияр боп көрінесің».

Естиярлықты есерлікке жеңдіруте мұршасы жоқ-тын. Мақажан көкесі сарабдал сыншы адам еді. Отая шығарып алдына мал салғанда, мырзалық таныта қоймаған. Тұліктің әр түріне ен салдырып, еншісін бөліп бергенде, ауыл ақса-қалдарын ішіне ала отырып сөз бастаған.

— Ей, жамағат, көрі суырылса тарландығы шығар, жас суырылса, бағландығы шығар. Кешегі Оспаннан қалған тұяқ марқайды. Қатарға қосылып отау иесі атанды. Жәмбек әuletінің қара шаңырағы мына Сейпешке тиесілі. Үлкен үйдің отағасы — Оспанның Сейфолласы. Мен бұл баланың алдына үйірлі жылқы, қоралы қой салмаймын. Құнанбайдың Ыбырайы: «Еңбек қылмай тапқан мал дәulet болмас, қардың суы секілді тез суалар», — дегіті фой. Қос-қос жылқы бітсе ұры-қары, ит-құстан қорғаштаймын деумен-ақ үйқысы ашылады, қотаннан қора-қора қой әрсе, соның тері-терсек жүн-жүрқасын пұл қыламын деп табанынан таусылып Ақмо-

ланың базарын тоздырады. Мен бұ қарағыма қордасы құт, сай-саласы ырысты ата қоныстың бір пүшшарын сыйламақ-шымын. Жеті жұрт келіп, жеті жұрт кеткен ұранды мекен еді, Қарашилік құдай алдында Сейфоллаға бұйыршақ.

Бұл байлауга кәриялар бірауыздан үйыған. «Өйтпесең Мақажан болармысың!» – деп шын ризашылықтарын білдірген-ди. Біреумен біреу сөзге келіп қалғанда: «бір сұлу төбең жоқ» деп мұқатады фой. Бұл қыжыртпадан Сейфолла ада. Құн көрісі мал түяғына тәуелді көшпелі жұрттың жаз жайлай, қыс қыстаусыз өріс кеңейді. Мал өрістесе ғана мыңғырады. Ендеши Оспанның Сейфолласына құдай берді дей бер. Бас-аяғы бес-он жылда мыңды айдаған бай болады да шығады. Байлықтан кім қашсын, бірақ туасы Сейфолла қотаннан жұнжұрқа тергіштеген бақалшы саудагерлікті суқаны сүймей, табиғат қойнындағы еркін де бейбіт аңшылықты қалап еді. Ит жүгіртіп, қақпан құрса, ол да өнер. Бәрінен де қыран баптап, құс салғанды айтсайшы. Былайғы көзге өншейін еріккен жанның ермегіндегі көрінетін саятшылықтың таусылмайтын ұзын сонар машиғына шыдас беру – төзімге сын екенін екінің бірі біле бермейді. Білген күнде де өсіре пендешілікпен: «Әй, соны қойшы, құс тырнағынан үнем айырған да кісілік пе!» – деп кекетеді. Кекесіннің келекеге ұласып, көре алмастың күншілдігін қоздырғаны өзіне аян.

Құс ілгіш қаршыға, қанды көз ителгінің талайын базынашыл құрдастарына сыйлады. Алуға бар да беруге жоқ ағайын нәсібін түзден айырған саятшыға жұз көріскеңде көлгірсіп, сырт айнала бере сыртынан сырық білеп күңкілдейтіні бар. Сондағы ілігі Сейфолланың аяққа құйған астай шағын дәүлетті місе тұтқан қанағатшыл сері көңілінің сестілігі. Үйде де, түзде де нұр жайнаған сұлу дидарынан реніш табы білінбей үнемі жарқыл қағып жүретін майда тілді саятшы атақ ізден шен қумай дауға түсіп, сөзге араласпай-ақ атақ-абыройды қарапайым кәсіптен тапқан-ды. Ағайын міншіл келмей ме. «Мақажанның асырандысы неге кергиді соншама, құс саңғырығына киімін билғаған да бу болғаны ма?». Сейфолланың буланатын жөні бар. Қыстауы қойнауы қорысты Қарашилік, қолына қондырғаны қос қыран, жан жары Жамал. Құдай берген күшіктері біртін-біртін бауырын көтеріп келеді. Сәкені қызмет бабымен алыста жүр. Өзге балалары ұясынан ұзай қойған жоқ. Қыз баланың жөні басқа, әрине,

жат жүртқа жаратылған. Асырап, сақтап, өбектеп бейнетін ата-анаға бұйыртады, қызығы бөгденің еншісінде. Неге екенін қайдам, қыздары үсік ұрған гүлдей ерте солды. Рахимағана тірі. Құдай енді соның жанына жамандық бермесе екен.

...Сейфекең Қарашорға рай берді. «Бопым, салбуырынға дайындала бер. Қызылтаудың қызыл тұлқілері қызша қол бұлғап шақырады сені. Тәрізі, айласын асырып, мазақ қылмақшы. Онысына көне қоймас Қарашор. Э, солай емес пе?»

Қыран пыштақтады. Желке жүні қосып жұтына тіленген құсының зар күйінде екеніне магұрланған құсбегі бүркітімен тағы да сөйлесе бастады. «Жақсылаптыңда. Сенің бұл жолғы сапарың сәл қатерлі. Неге дейсің бе? Қызылтаудың қиясын жолбарыс жон, бөрі тұмсық ұзындығы есік пен төрдей сырқынды мекендейтін көрінеді. Алпыс екі айласына адуын шақарлығы ұштасқан тұлқі сырттанына талай аңшы тазыларын қосқан. Шалдырмайтын көрінеді. Аralбай Құтжанның Иманмұсасының қасқыр алатын ақ тазысы жеткен екен бірде. Алысып алдырмапты тазыға. Құсқа боса-болмаса ілдірмейді. Бұл төңіректегі бүркітші атаулының талайының сағы сынған. Бақа батырдың алғыр қыраны сырқындыны ілем дегенде, тасқа соғылып мерт болыпты. Тарақты Сейдімбектен қалған көрі бүркітте топшысын тұлқіге шайнатып мертігіп қалыпты. Ендігі кезек – сенікі Қарашор.»

Саятшының бұлай деуінің қисыны мынадан. Тұлқі сырттанының атағы шыққалы осымен жетінші қар түсті. Содан бері жаман күнді жатып тыңдал тайсақтаумен жүреді. «Сейфолланы қой, ауылдан ұзамайтын үй күшік жай аңшы» – дегенді де естіп жүр. Бұл жолы тәуекел етпесе болмас деп түйген.

Қарашор иесінің құлаққа жағымды қоңыр үніне ұйығандай тас түйін қалпынан өзгермеді. Саятшы құсының бой етіне саусақ жүгіртіп, қыранның сіңірлі буылтық денесін асықпай сүзді. Санғырығына зер салып, тынысына құлақ тосты. Дені таза алғыр қыранның бабында қапы жоқтығын зерек зердемен шамалаған Сейфекең Сарыбалапанға да ықылас білдіріп, сарының асыл кездемедей судыраган қанат-құйрығын баппен тарамдады.

Қарашор – баршын тартқан кексе құс. Кемінде он екі-он үш тулеғен. Жылда бой жүнін тастаған сайын саңлақтанып жасара түседі. Алғаш аңшылық құрған жылдарда саятшы Битабардың көрі бүркітін бес-алты қыс ермек қылды. Күй талғамайтын қанды көз қыран түгі қызыл тұлкінің соры еді. Одан кейін Санғырудың қиясынан табанын тасқа тілдіріп жүріп қос балапан олжалады. Біреуін Тойымбектің Дәулетханына сыйлаған. Өзі асыраған құсқа Кекшіл деп ат қойғанды. Денесіне кісі қолын таятпайтын шақар балапан уытты-ақ еді. Кекшілмен жеті-сегіз жыл жолдас болды. Бір міні – көзсіз қызылшыл-тын. Қызыл көрсө тұлкі ме, ит пе, онда жұмысы жоқ, жұмарлап астына басып алады. Тұлкі тымақ кигендер Сейфолланың Кекшілінен сескеніп бұл маңға байқап басатын. Салбуырында жүргенде Кекшіл қойшыны жарапалап, өлімші боп таяқ жеп содан шығаңдалап кетті.

Кекшілдің орнын көп ұзамай Ақының басқан. Нагыз текті құс еді. Дүшпандары көре алмай итке талатып өлтірді. Құс қашады, ит өледі десе де, аңшылықты қастер тұтқан көнігі саятшыға қолына қондырған қыранынан көз жазу – қырсықтың басы. Сейфолла дағдарса да сыртқа ішін алдырмайды. Өзін өу баста баулыған қарт құсбегі Божан кәрияға барған. Көрі көкірек өлі де сол сұңғыла зердесінен жаңылмапты. «Бүркіт шабытты келсе, қырандығы шығар, жігіт шалымды келсе, ұландығы шығар. Бұл маңайдағы наң талап аңшыдан сенің жолың бөлек. Нагыз қара көз қайтпас қараны қолыңа қондырғың келсе, қырғыз ағайындардың тамырын бас. Қолбала үйірсек құсқа бүйрегің бұрса, ой бүркітін іздестір. Бұл төңіректің қыраны айнығыш кіді келеді. Жершіл құс қашумен діңкелетеді».

Тарлан құсбегінің ақылы қамшы болды ма, Сейфекең құлашты қырыға салды. Бір айғыр үйірге жетіп қалған жыл-қыдан таңдал бір ат, бір құла биені жетектеп, көзі алмастай өткір, топшысы аршынды, омырауы шалқақ, қанат-құйрығы кек сауыттан құйғандай тұтаса аумақтанған тірнекті қолына қондырды. Екі-үш қар басқан құс батырдай жүректі, сұлудай сырбаз кейпімен көз тартар еді. Шалғылығы мен пышақтары керегедей алып қанатына шебер қабысқан. Балуан саусақтары қажырлы, жембасары мен тегеуріні білемдене сойдақтанып нағыз қан шеңгел екендігін өйтгілеп тұрғандай.

Бәрінен де жас қыран тәрбие көрген жігіттей тектілігімен сезімтал сергектігімен сүйсіндірген. Қырғыз құсбегісі Қордайдың тау сілемінен тор құрып тастапты. Қан түбіт шақар қыран қолбала қамау тірлікке көндікпей ұзақ қарсыласты. Қолға түсірген қожасының айтуына қарағанда, қайыруы қапысыз болса, қасқырға да түседі. Айнығыш кірпияздығы да бар. Тіленіп ұшқанымен тым биіктеп алмайынша жеміне салғаннан құдимайды. Бір құдиды ма, назарына іліккен тағыны ілмей тағы қоймайды.

Қарашорды алғашқы иесі Шақарқара атандырса, Сейфекең Қарадауыл деп ат қойды. Зеңгіт көкке шығып алып құлдилағанда екпінінен аспан қақ айырылып кеткендей болады. Ауаны алдаспаңдай осқылап көктен құдиганда, құдай салма-сын төңіректегі жанды-жансыз дауыл екпінінен ықтап бара жатқаңдай аласапыран күй кешетін.

Қияңқы бүркітке ат тұрақтамады. Оған ересен шабыттылығы, бас-көзге қарамайтын ұрыншақтығы себепкер. Бірде қасқырға түсіп, уытты қыран ортан саусағын шайнатып алды. Тұяғы теңелмей шор болып бітті де, Сейфекең бүркітін Қара-шор деп атап кетті. Кейін Нілді зауытындағы Ыбырай ұстага буын тырнақ жасаттырды. Саусағына көз тырнақ ілдірген соң, Қарашор сүмдік шабыттанып бұрынғы зар күйіне қайта мінген еді. Қайсар қыран содан кейін де қасқырға түсіп жураді. Тақа бір кездесіп қалғанда болмаса, саятшы көкжалға ұрындырмайды қыранын қөбінесе түлкіге түсіреді. Шабыты келгенде бір күнде бес түлкіге шейін іледі. Кейде оқыс кергіп, шырқау көкте парлап тау-тасты кезеуілдеп жүріп алады. Соңдай бейбіт самғауда ұшырасады дала көкжалы. Онда бүркітті алған бетінен қайтара алмайсың, өлуі бар құтқармайды.

Өткен ит жылында қар кетіп көктеуге шыққан ауылдарға тосыннан лаң кірді. Малға қасқыр араласты. Бүгін мына ауылды шулатса, ертеңіне басқа ауылда жүреді. Үйірлі бөрі емес, жеке жортқан көкжалшабан-шардақ, қойшы-қолаңнан ығыспайды. Соңына құғын түссе, тауға шығып кетеді. Жылқыра араласса сазайын сойыл сүйреткендерден тартар еді, әккі көкжалдың жортуылы тау арасы.

Қысттан әупіріммен шыққа жаным, шықпамен зорға шыққан кедей – кепшіктің арық-тұрағын баудай түсіріп жарады да тастайды. Иттен ығыспайтын жыны бар. Битабардың

Хамзесінің қаратағысы бата алмаған соң, басқа салпаң құлақтарға не кінә қоярсың. Әдайелеп барып Хамзенің міністі Қарақерін жарып кетсе, мырзаның аң қоймас қара тазысымен алысып өлімші ғып тастаған. Қасақы қанды ауыз бөрі сол күннің кешіндегі Қарашилікке бұрады бетін. Иттерді қотанға қуып тығып, талдың ығында жайылып жүрген Сейфекеңнің Салкуреніне құдияды. Тұсаулы атты дәңгелете бастағанда малсақ Ысқақтың айтагынан ығысып, қоздаған қойларға құлаш үрады. Көзіне қан толған қорқау екпіндегі жеткен бойда тәрт-бес қойды домалатып, жас қозыны тістей кеткен.

Қашан жайлауға көшіп қара үздірмей құтырған қасқырдан құтылмасына көздері жеткен осы жақтағы мал иелері жиналышп кеп: — Уай, Сейфолла не ойлағаның бар? Ауызы тісті, жоны түкті бұралқы бөріден сонша ықтағанымыз не? Бір амалын тапсаң етті, — деп қолқа салған.

— Жә, жүртym, менде бір қызылшыл шақар құс бар екені рас. Жүздеп жылқы, мыңдап қой айдап отырсам бір сәрі. Бір жағы күн көріс қамы, бір жағынан ата-баба жоралғысы деп аңшылыққа ден қойғанда, көрінген тағыға бүркітімді түсіре берсем, онда менің әумесер, әңгүдік болғаным гой. О заман да, бұ заман, көктемгі алашабырда құсын аңға алып шыққанды қай аталарыңнан көріп едіңдер?! Бұларың достық емес, қастық қой, мұқым! — деп саятшы таусыла сейлеп, келгендерге бет бақтырмадан. Бірақ ішкі есебі өзінде-тін. Әлде қалай болады деген сақтықпен Қарашорды мезгілсіз мазалап, тынышын алууды жиілете түсіп еді. Оған бір жағынан төтеннен киліккен қанды ауыз көкжадың лаңы түрткі болса, тағы бір сылтау — текті құстың оқыс ширігып мазасызданғаны. Өткен қыс тым жайсыз килігіп, мал мен жанды бір тарының қауызына сидырардай қырланды. Қарашаның қары желтоқсанға ұласты да, жайылымды көкайна мұз бүркеп, мал атаулы қар үстіне ііріліп қалды. Тәрт түлікке күрекпен қорық аршып берумен көкиң болған Сейпекең бұл қыста аңшылықтан еріксіз тиылып, малды аман алып қалудың қамынан артылмады. Зеріккен құс шаңқылдан қыс бойы мазасызданып шықты. Қөктемде де қоймады шақыруын. Қайта ұдете түсті. Мезгілсіз мазасызданған құс сұы қайтып, жүнжіп жүдеп қалады. Содан қауіптенген саятшы ең құрығанда қоян ілдіріп мауқын бастырайын деген ойда-тын.

Енді оған құтырған қасқырдың әлегі килігіп, Сейфекеңнің жүргегі май ішкендей айныды. Құсымен сырласатын әдетіне бағып:

— Ау, бопым, бұл қай тентектігің. Азаттықты аңсаймысын, әлде? — деп оны сылал-сипап тыныштыққа бейімдесе де, құсалы қыран пыштақтауын үдегіп жіберді. Үйқысы мұлдем ашылып, ширыққан бүркіт қыықтанғанда қырсығып, аңы шаңқылын тоқтатпады. Бірденеге көніл ауса соны орындарданша дегбірі қалмайтын саятшы топ жиып ереуілдемей, өзінің кәнігі аңшылық сақтығына бағып, қолына құсын қондырып да, Абаның ұшар басына тартты таң бозы білінер білінбесте. Ол биікке тым ерте ілікті. Ұлыманың қанды жортуылынан хабардар саятшы көкжалдың осы маңнан бой көрсетеріне сенімді-тін. Сәуірдің бозала таңы түріле бергенде, аңшының қырағы көзі сонау ойдағы қараңдаған сұлбаны шалып қалды. Әлгі қара қылаң етеді де көрінбей кетеді, іле қайта шығады. Тағы да жоғалады. Сейте-сейте етекке ілікті. Нағыздың өзі екендігіне шүбәсі қалмаған саятшы қожыр тастарды даудалап ылдига ентеделі. Көнілінде қасқырмен бетпе-бет келермін деген дәме бар. Сәл бұрыстау кеткенін шамалап үлгергенше болмады, көк желкесінен төнген ташадай қорқау бұған түк қорқынышсыз еңсеріле қарап түр екен. Сейфекең қапелімде неңдей шешімге келерін білмей дағдарды. Мылтық қарауылына ілінетіндей жерде емес. Бүркітін босатуға жүргегі дауаламай «жойдасыз ірі екен, қыранды жазым етер» деп және тартынды. Бір жағынан еркінсіген көкжалдың дәң айбаты ашуына тиіп, тәуекелге еріксіз табан тіретті. Сол-ақ екен Сейфекең шалт қымылға басып, томағасын сыпырды да, бүркітін бар пәрменімен серпе ытқытты. Қажырлы қайсар құс тіленіп ұшатын әдетімен көкжалға төніп барып бір жайқап өтті де, биіктей ұшып іле төменге құдиды. Бұл кезде Сейфекең қасқырмен деңгейлесіп ара қашқытығын жақындағып қалғанды. Жер тағысы көк тағысынан ығысып ықтай бергенде, ұрымтал келген аңшы қос ауыздың шүріппесін басты-жіберді, басты-жіберді. Оқ тиғен қасқыр бөкесін қауып түсті де, құлдилап кеп қалған бүркітке айбат шеге тұмсығын төсей, тістерін сақылдата жанталасты. Ересен екпінмен сорғалаған Қарашор қасқырға сегіз наизасын төндірді. Айқас ұзаққа бармады. Оқ тиіп әлсіреген көкжал шабытты қыранның тегеурінді қарпуына төтеп бере алмады.

Саятшы ертеңінде де аңға шықты. Ондағысы – Қарашорды әбден тояттату еді. Бір жетінің ішінде екі елік, үш қоян, оған қоса тағы бір қасқыр ілді. Қарашор іле жуасып, шаңқыланан тыйылды да, ұлы сабырмен ұзақ мұлгитін машиғын тапқан.

Сол жазда текті құс айрықша саңлақтанды. Шашын күткен бойжеткендей жалықпай таранатынды шығарды. Саятшы да бүркітіне айрықша ықылас көрсетіп, қапысыз еркін түлеуіне бар жағдайды жасады. Оңалып бой жүнін тастаған Қарашор қауырсындарынан арылып, пышақтары мен шалғылығын біртін-біртін сілкіп түсіре бастады. Кінәмшіл бап талғағыш құсына жемді есеппен қақшытып, қыранның ішкі сарайының тазаруына ынта қойды. Өлексеге жуытпай, көбінесе аң әтін жегізді. Ара-арасында қоян немесе тұлкі атып әкел қызылдатады, шыңыраудың мөлдірін шымға батырып салқындастып, ыстық күнде армансыз ішкізеді. Арнайы себезгімен балаша шомылдырады. Құн өткен суды жуытпайды маңына. Иесіне қатты бауыр басқан қыран Сейфекең екіншүй үйде болмағанда, кәдімгідей жетімсіреп үргиңкі тартау жүдеп қалады. «Қарашор, бопым, – деп құсханағадауыстай кірген иесін сағынған саңлақ хайуан пыштақтап қоя берді. «Е, жарықтығым, бабың болмаған екен-ау, – деп ұстай келген сарқыттын ашықан бүркітінің алдына тосты. Иесі тояттаган қыранмен бие сауым бойында әңгіме шертеді. «Ал енді Қарашор, дұрыстаптыңда. Жаңалық көп. Ақ пен қызыл дегендер шықты. Ақтар байларды жақтайды, қызылдар кедейлердің жағында. Біздің Сәкен қызылдардың сойылын соғып жүрген көрінеді. Қатарынан қалмасын деп оқыттым. Өзі білсін, кімге бұрам десе – еркінде. Ағайын бар болсаң, көре алмайды, жоқ болсаң, бере алмайды. "Сенің оқымысты ақын балаң бәлшебек боп кетіпті" деп кекетіп жүргізбейді, түге. Сәкенжан ұзап оқығанда, қызғаныш білдіргендер де солар. Қалтасына ақша салып бергені шамалы".

Бүркіт қосына Жамалекең бас сүққан. Жаңа түскен келіндей сынықсыған ибалы бәйбіше еріне өзімсінген ажарда: – Сейфеке-ау, бұл қай еріккенің?! Адамға айтатын сырныңды құсқа баянда... Біреу-міреу естіп қалса жүртқа жаймай ма? – деп күйеуін әдетінде жоқ мінезben қарпып тастады.

– Бұл жарықтығымды несін айтасың, адамнан зият қой, шіркін. Ішқұса боп отырғансын... Ием деп ес көреді мені, – деп ақталды ол.

— Сонда Сәкенді қыстырамысың бұралқы сөзіңе? Мына түрған Ақмола, одан да барып қайтпаймысың, елдің жай-жасарын біліп.

— Бұлініп жатқан Ақмола мені тыңдай ма, Жамал-ау.

— Сәкенжанға ақылыңды айтып, қайтармаймысың райынан. Оқытам деп өзің бәріне себепкер. Сұңқардың балапаныңдай бол ер жетіп еді, қарағыма бұлінген заманның кез болуын-ай! — Жамалекен байламының үшкілін көзіне апарды. — Аруақтар жар бола көрсін, қарағыма! Сәкенім бір тәбе, өзге балаларым бір тәбе. Қайтейін! Қарағымды ойлағанда ішім жанып кетеді, Сейфеке-ау!

— Маган оңай деймісің? Бәрінен де ағайынның кекесіні батады жанға. «Сенің ғұлама балаң көрінеді бәрін бұлдірген» деп қолмен ұстап, көзбен көргендей төндіретіні бар.

— Ондай күнкілден мен де құр емеспін. «Сәкенің мәтүшкеге үйленіп, шоқынып орыс бол кетіпті», — деп күнкілдейді абысын-ажын.

— Жә, босқа жүқарма, Жамалеке, — деп Сафекен ұлken көздері жасаурай түсіп уыттана сөйлеп кетті. — Құдай бермese қайтер едік Сәкенді. Қолымыз құр емес қой. Сұңқар балапаның жапалақ болсын деп ұшырмайды ұядан. Жар сағалаған жапалақтан не қайыр. Сәкенімнің сұңқар екенінде қапы жоқ. Тіл-аузым тасқа, қыранға төмендеп ұшқан жараспайды. Негұрлым биіктей бергені аблаз. Өсекке азба. Ит не жемейді, пенде не демейді. Түсім жақсы, журегім орнында. Есінде болсын, біздің атымызды шығаратын тубінде, сол — Сәкен. Ел үшін тұған ер ол. Жаман ырымға бастап жылай берме. Балаңа жаның ашыса, аналық тілеуің тұзу болсын.

Қарашор иелерінің сөзін бөлмей, тас түйін отыр тұғырда. Кенет дүр сілкінді. Ақ тілек белгісіндей бол дудырай шашылды қауырсын-жүні. Құсының бұл қимылын іштей жақсыға жорыған саятшы бәйбішесіне ілесіп сыртқа шығарда: «Бопым, жақсылап тынық енді», — деп алғыр қыранға ықылас білдіре үзай берді қостан.

Сол жаздың күзінде Қарашор қансонарда оқыс айнып тұлкіге түспей қойды. Қайыруында қапы жоқтығына сенімді ол құсының қасынан шықпай мінезін бағып, әр қимылын қалт жібермеді. Сондағы байқағаны қыранға сына сырбаздық, кірпияз тәкаппарлық, ауыл үй қонып, шыдамсыз аш көздігін ұлы сабырға жендеріген қанағатшыл әдет пайда болғандай

екен. Қомағай бүркіт алдына жемаяқты тосқанда, жеркеншек адамдай шалқалап, құдды бір тамағына тас тұрып қалғандай-ақ тұншыға қылғынып өлекке түседі. Бұрын алдына келгенді құтқармайтын. Енді томағасын алмасаң, безеріп отырып алатынды шығарған. Отты шегір көзін ақ жемге қылғына қадап қоқилана қопсида да, нанға өкпелеген балаша жүні жығылып жуаси қалады. Саятшы енді қайтер екен деп ақжемді қан соқтамен алмастырады. Онда жемаяққа тілтеп маңайламай кергиді. Баз-базда қан соқтасынан арылған бөртпеден аздал өзек жалғайды. Сосын сесті сергектігінен жаңылғандай тыншу күйде ұзақ мұлғиді. Сырттағы дыбысты шалғанда, қоқиланып қодырандайтыны бар. Онда да ебедейсіздік жасамай паңсына шалқалайды. Тұздегі қылғы бір жосын. Тіленіп ұшуында қапы жоқ. Қанат сермесі, оралымды екпіні, шүйліге шиыршық атқан ұшқырлығы, шырқау көктек парлағаны үйлесімді-ақ. Сондайлық серпінді шалт қимылы тұлкіге төнгенде, бәсендеп қожырап сала береді. Иесінің көңілін аулаған мырзатоқтықпен алтайы тұрмак, қоянға да батпай, төніп барып жасқайды да, қайқая ұшып, кең оралыммен шырқау аспанда ұзақ қалықтайды.

Саятшы шындарап дағдарды. Арқа атырабында аяқ жетер жерде өзінен өткен құсбегі жоқтың қасы. Серіз найзалы қыраннның бабын Оспанның Сейфолласынан артық билетін ешкім жоқ деген бағаны әлдеқашан алған. Оған қоса Сейфекеңнің аузы дуалы. Айнып тұлкіге түспей қойған сән бүркітті қатарға қосты. Талапкер жастар, құс асыраған дәмелі бүркітшілер арнайы кеп ақыл-кенесін алады. Құстарын сыйнатып, құсбегіден баталарын алғандай ризаланып аттанады. Сонда саятшының айтқаны қабыл, нұсқағаны бұлжымас заңдай еді.

— Сейфеке, құсымды сынап берінізші.
— Құп. Экел көрелік. Арықтатып алыпсың-ау деген қансонарда.

— Енді қайтейін? — дейді тәжірибесіз бүркітші.
— Қайткенде, былай ет. Ашықтыр да, арнап бауыздаган мәлдің жылы қанын ішкіз. Шоқыттыр. Кендірі кесіліп, жемсауын әрекет жайларған.

Енді біреулер қасақана сұрайды ақылды. Саятшымен бәсекелесіп өнер асырғысы келеді.

— Құсым қалай екен?

- Бабында.
 - Әйтсе де.
 - Бір тұлқіден артыққа жоқпын деп тұр күніге.
 - Бұнысы қалай?
 - Онысы баптылығы.
 - Жаңа сіз олай демедіңіз гой.
 - Бүркітіңді сынатқалы емес, мені сынағалы келгесін айтқаным рой. Шығарыш салмаға ауызым бармайды. Сені емес бүркітті аяймын. Құс баулыған аңшыға меммендік үйлеспейді, жарқынным. Кісілік көрсетіп сөз жарыстырың келсе, шен құып болыстыққа талас.
 - Кешіріңіз, Сейфеке, әбестік менен.
 - Құсынтың бойында май бар. Салмағынан байқамаймысын. Тым қонды. Ақжемге қамап тастамай, бөртпемен біртінде арықтат.
- Осындағы дуалы ауыз құсбегі айнып тұлкіге түспей қойған Қарашордың мына өрекетіне шындал-ақ ойланды. Өзінен талабы пәс аңшылардан көмек сұрауға, расы керек қой, намысы жібермеген. Кәрияларды сөйлетіп көріп еді, жарытып ештеңе айта қоймады. Бұл маңдағы саятшылармен де кенесіп көрді. Бірақ олардың бірінің долбары тұра келмеді. Тек Досқана Мақым батырдың байламы көңілінен дөп шықты. Қарт құсбегі Қарашорды көріп жіберіп «ах» деп санын бір соққан. “Алда жарықтығым-ай, текті екен-ау! Алатаудың ақиығы екендігін мойындарып тұрган жоқ па”, – деді Мақым жетпісті еңсергенімен кесек пішінінен сұс арылмаған қияпatty тұлғасын қомдай тіктеліп.

— Мұндай жағдай шанда бір кезігеді. Сенің Қарашорың сауытты батырдай жүректілігімен қоса, кербез келіншектей сыланған сырбаз екен. Қанат-құйрығын жаңалап, өлі мамырынан арылып, армансыз түлеген текті қыран аяқ астынан айнығанда, пәктігін қимаған қыздай немесе бір киер көйлегін қазан-ошаққа қүйелеп аламын-ау деп әйеншексіген кербез бәйбішедей, әйтпесе қыздарға ұнау үшін көрнекті киінген бозбаланың көкпардан шеттеген шарасыздығындаі күйді басынан кешіріп жүрмесін. Бүркітіңді дереу өлген малдың қан-жынына аунатып ала қой.

Қарт құсбегінің айтқаны айдай келіп, Қарашор әлгіден кейін бұрынғы қанды балақ алғырлығымен қайта қауышып, ересен жүректілікпен қатты қайрат көрсетіп еді.

Сөйткен Қарашорды Қызылтаудың қиясын мекендерген тұлғаның сырттанымен шарпыстыруға табан тірегелі саятшыдан үйқы қашқан. Түсі де онша емес. Кейінгі кездері бір қуаныш, бір қайғы қосарлана қабаттасып, Жамал екеуіне оңай тиіп тұрған жоқ. Қыздарының үлкені Қалима бесік көрмей қыршын кетті. Бет біткеннің бөдендісі еді, екі көзі тостағандай талдырмаш ұзын бойлы ақ сары өнді бұла бой жеткен ботадай үлпілдең тайраңдап жүргенде, аяқ астынан ауырып, жайлауда оқыс үзілді. Сүйегі Есен бойында Омар бейітінде жатыр. Кіші қыздары Сәлима да үсік ұрған гүлдей тұлымшақ күнінде тым ерте солды. Құндызыдан бері көшіп келе жатқанда, жол-жөнекей үзілді. Сәлима Нұраның жағасына жерленді. Енді қыздан қалғаны Рахима ғана. Баладан жел қалған ба, ауыра береді. Жамал соны уайымдайды. Сәкен боса-болмаса ел билігінде. Сәпнәркөм. Дүшпаның көбейтіп алмаса болғаны. Атқа мініп билік тізгінің ұстаган азамат белуардан қан кешеді деуші еді бұрынғылар. Ақындығы да жететін еді, қыран гой, қажаспай жүре алсын ба.

Осындаған ойдан, уайымнан басы бір босамайды саятшының. Үйде қатын-баланың қасында омалып, аз күн сыртқа шықпады ма, онда бұл еркіндік аңсаған құсалы құстай тым уайымшыл болып алады. Аңға шығуға ниет етті ме, қамау ой зым-зия жоғалып қунайды. Елеңшіл сері көңілі қыранымен бірге самғап, әй, бір масаяды дейсің!

Бұжолғы сапары сәл қатерлі сезіледі өзіне. Түсінде қамшысының бұлдіргесін ит жеп кетіпті, соны көңіліне алады.

Күн кештете Мақым бастағандар кеп жетті. Жетпістің желкесіне аттай мініп алған балуан тұлғалы Мақым Қарашибілкегі үш-төрт үйдің көрі-жасын әңгімеге қарық қылды. Бір үйге қонақ келсе, ауылдың бар адамы сонда жиналып, тұннің бір ауығына шейін мәжіліс құратын қашанғы әдеті. Сұлу сезіді, бой-басын таза ұстайтын Көдіш молла ыздылып тәшип тартып отыр. Саятшының жақын туысы Тахауи қонақтардың аузын бағады. Қуақы. Ысқақ еркінсіп: — Уай, Маха, сізді жүрт батыр дейді. Соның мәнісін түсінбеймін. Батыр жау қараушы еді. Мен ес білгелі, қолыңызға құс қондырып, тазы ертіп, аңшылықпен жүрсіз. Сонда сіз, қандай батырсыз? — деді.

— Пәлі, сен естімеп пе едің? — деп қарт құсбегі добалдай саусақтары ақ буырыл сақалын тұтамдады. — Сендер үшін